



## ЖЕКЕ ҚАРЖЫ

Инвестициялық портфельды  
қалыптастыру





## Сұрақтар

- Инвестициялық портфель түсінігінің мәні және мазмұны
- Инвестициялық портфельді қалыптастырудың негізгі қағидаттары
- Инвестициялық портфельдердің түрлері

Сіз инвестициялық қызметті неден бастау керек? Инвестицияны қайда салған дұрыс жылжымайтын мүлікке, әлде құнды қағаздарға, мүмкін жеке бизнеске? деген сұрақтардан инвестициялық қызмет бастама алуы мүмкін. «Білімге салынған инвестициялар ең жоғары табыс әкеледі.» деп айтқан кезінде Бенджамин Франклин. Ең жақсы инвестициялар - бұл қалай инвестициялау керек туралы білімге салынған инвестициялар. Ең алдымен, сіз инвестициялау негіздері туралы кітаптар, мақалалар, сайттар оқып, ақша инвестициялау не екенін түсіну қажет. Ал инвестициялық шешімді қабылдау алдында, сіз өзіңіздің ақшаңызды салуды жоспарлап отырған нарықтар мен компаниялардың ағымдағы жағдайын зерттеу қажет. Сіз екі түрлі жолмен инвестиция жасай аласыз: несие беру арқылы немесе үлескер болу арқылы.



Сіз банктерге, несиелік одақтарға, жинақтар мен қарыздар қауымдастықтарына ақша сала отырып, сондай-ақ мемлекеттік және жергілікті облигацияларға инвестиция құю арқылы несие бере аласыз. Түрлі компаниялардың акцияларын сатып алып үлескер болу арқылы дивидент ала аласыз. Корпорацияда үлескер болу үшін жай немесе артықшылығы бар акцияларды сатып алуға болады, мемлекеттік компаниялар, инвестициялық пай қорларының акцияларын сатып алуға болады. Өз бизнесіңізге ақша салу, үй-жайларды сатып алу, немесе сирек антиквариат немесе монеталар сияқты инвестициялық сапалы коллекциялау заттарын сатып алу арқылы да инвестиция құйып болашақта табыс табуға болады. Жылжымайтын мүлік сатып алып, оны жалға беріп те табыс таба аласыз. Әрине, осындай қызмет түрлерін атқару үшін сіз қор нарығын, компаниялардың жағдайын, облигациялар бойынша төлемдердің орындалуын қадағалап, нарықты талдап отыруыңыз қажет. Белсенді инвестор экономикалық өзгерістерді және қаржы нарығындағы жағдайды үнемі қадағалап отырады. Осы қызметтердің барлығы сіздің жеке қаражатыңызды сақтап, жинақтап, оны өсіру үшін қолданылатын құралдар. Қаржыларыңызды түрлі бағытта инвестицияға салу, тәуекелі мен табысы түрлі жобаларға бағыттау арқылы өз инвестициялық портфеліңізді қалыптастырасыз. Инвестициялық портфель-бұл не? Белгілі бір мақсатқа жетуге арналған түрлі қаржы құралдарын қолдану арқылы табыс табуы инвестициялық портфель деп атайды. Портфель - бұл нақты адамның немесе компанияның барлық инвестицияларының жиынтығы. Ол әр түрлі бағыттағы салымдардың массасын айқын теңдестіруге мүмкіндік береді. Негізгі міндет – қауіптіліктің жалпы деңгейін ең төменгі, ал кірісті ең жоғары деңгейде сақтау. Ол жылжымайтын мүлік, алтын және басқалада активтерден, акциялардан және тіпті опциондардан тұруы мүмкін. Бірнеше бағытқа капитал сала отырып бірнеше қаржы құралдарын пайдаланып, әр адам өзінің инвестициялық портфелін қалыптастырады, осылайша салынған қаражаттың жоғалту тәуекелін ең аз деңгейге дейін төмендетуге болады.



Инвестициялар портфелі қандай мақсат үшін құрастырасыз? Бұл сұраққа оны қалыптастырып, инвестициялық қызметті бастағанға дейін жауап беру қажет. Адам өз жеке миссиясы немесе жеке құмарлығы үшін капиталды инвестициялау сирек кездесетін жағдай. Оның қандай да бір нақты жоспары немесе жобасы – жылжымайтын мүлік сатып алу, бизнесті кеңейту, баларды оқыту және басқа да мақсаттары болуы мүмкін. Мәселен, зейнетақы капиталын жинақтау мақсаты – алдағы қарттылық кезеңді қаржылық қамтамасыз ету болып табылады.

Портфельдік инвестициялаудың мәні инвестициялық ресурстарды мақсатқа қол жеткізу үшін активтердің әртүрлі топтары арасында бөлуден тұрады. Қандай да бір портфельді қалыптастыру кезінде қандай мақсаттар мен міндеттер тұрғанына байланысты, инвестор портфелін құрайтын активтердің түрлерінің арасындағы белгілі бір арақатынас таңдалады. Инвестициялық менеджердің негізгі міндеті инвестордың қажеттілігін есепке алу және ақылға қонымды тәуекел мен қолайлы кірістілікті үйлестіретін бағалы қағаздар портфелін қалыптастыру болып табылады.

Инвестициялық портфельді құрастыру алдында кез келген адамның басында неден бастау керек? инвестиция құю үшін қаражатты қандай көздерден жинақтауға болады? бұл жерде жеке жинақтарсыз әрекет етуге болады ма? деген сұрақ туындайды. Бұл жерде сауатты жасалған жеке қаржы жоспары маңызды рөл атқарады. Істің ағымдағы жағдайын түсіну және болашақ мақсаттарды жоспарлау, қаражаттың қандай көлемін қандай қаржы құралдары арқыла қайда инвестициялау қажет деген мәселелерді алдын ала шешіп алу өте маңызды. Алдымен ұзақ, орта және қысқа мерзімді қаржылық мақсаттарыңызды айқындап алған жөн. Сонансоң барып не кәсіби кеңесшінің көмегімен, не өз сауаттылығыңызды қолданып қаржылық жоспар құуыңыз қажет.





## Инвестициялық портфельді қалыптастырудың негізгі қағидаттары

Инвестиция портфельін қалыптастыру барысында кез келген инвестор мынадай қағидаларды басшылыққа алады:

- Капиталды қауіпсіз жобаларға бағыттау, яғни инвестициялық нарықтағы күрделі өзгерістерден сақтау;
- Тұрақты табыс алуды көздеу;
- Өз инвестицияларының өтімділігін қамтамасыз ету – қажет болған жағдайда тауарды немесе қызметті тез сатып алу немесе шығынсыз тез сатып жіберу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету.

Бірде-бір инвестициялық құрал жоғарыда аталған қасиеттерді қамтамасыз етуге кепілдік бере алмайды. Мысалы, сенімді қағаздарға табыстылықтың төмен деңгейі тән, ал жоғары табысты инвестициялар үшін үлкен тәуекел тән. Тәуекелдердің бірнеше түрлері болады:

Нормативтік тәуекел. Нормативтік тәуекел Үкімет енгізген табыс салығындағы немесе құқықтық жағдайлардағы өзгерістердің нәтижесі болып табылады. Заңнамалық базаның өзгеруіне қатысты Үкіметтік нормативтік актілердің күшіне енуіне қарай кейбір компаниялардың пайдасы күрт төмендеуі мүмкін, ал басқалары өсуі мүмкін.

Бизнес-циклдің тәуекелі. Экономикалық өсу әдетте жоспарланған және тұрақты болмайды. Сіз инвестиция құйған салаларда бәсекелестік күрес тым шиеленісіп баға төмендеп кетуі, салаға ірі компаниялардың енуінен кішігірім компаниялар банкрот болуы, тіпті сіздің үлескер компанияңыздың өніміне сұраныс құлдырап кетуі арқасында инвестициялық табыс төмендеуі мүмкін. Әрине бұл өзгерістер жалпы салалық пайдаға, сондай-ақ инвестицияларды қайтаруға кері әсер етеді. Бұл тәуекел түрі бизес цикл тәуекелі ретінде белгілі.

Нарықтың құбылмалылық тәуекелі. Барлық компаниялар, яғни табысты, шағын, жаңа ғана пайда болған компаниялар акцияларының бағасы белгі бір кезеңдер арасында түрлі факторлар әсерінен не төмендеп не жоғарылап отырады. Мысалы, Apple сияқты технологиялық компанияның бір акцияның құны бір күнде 5 немесе тіпті 10 пайызға өзгеруі мүмкін. Сонымен қатар, егер екі немесе үш бәсекелес төмен табыс туралы жарияласа, барлық технологиялық акциялар 2-ге немесе 5 пайызға құлдырауы мүмкін.

Жаһандық инвестициялық тәуекел. Сіздің инвестициялық портфельіңіз неғұрлым жаһандық деңгейде диверсификацияланған болса, соғұрлым сіздің жалпы инвестицияны қайтару уақыты бірқалыпты болар еді, бірақ бұл тек теория жүзінде қол жетімді процесс. Ал тәжірибе жүзінде әлемдік нарық түрлі саяси, әлеуметтік және экономикалық өзгерістерге тікелей тәуелді. Шетелдік нарықтарға инвестиция салу әрине қиын, бірақ экономикасы неғұрлым тұрақты дамып келе жатқан мемлекеттердегі компанияларға инвестиция салу, жұмыс күші мен ресурстары арзан мемлекеттерде өндіріс ұйымдастыру пайда табудың табысты қайнар көздері.

Өтімділік тәуекелі. Өтімділік дегеніміз активтердің жылдам және жеңіл түрде ақша қаражатына айырбасталу қасиеті. Сіз бір күн ішінде акцияларыңызды сата аласыз, бірақ ережеге сәйкес қолма-қол ақша алуға төрт күндей уақыт керек. Сізге қажет болғанша өтімділік құндылығын білмейсіз. Өтімділік тәуекелі – бұл бағалы қағаз немесе активтердің нарықта тез арада сатылмау тәуекелі. Жылжымайтын мүліктің де өтімділігі нашар, себебі оны сатуға апта, айлар немесе тіпті жылдар кетуі мүмкін.

Қайта инвестициялау тәуекелі. Қайта инвестициялау тәуекелі - бұл болашақ инвестициялардан түсетін табыс бастапқы инвестициялардан алынған табыс сияқты жоғары болмауы мүмкін.

## Инвестициялық портфельдердің түрлері

Тәжірибе жүзінде инвестициялық портфельдердің көптеген түрлері бар, оларды тәуекелділіген, қолданылған құралдарына, мақсаттарына, мерзіміне және тағы да басқа факторларға сай жіктейміз.

Инвестициялық мақсатқа сай мынадай портфель түрлерін қарастыруға болады:

- Өсім портфелі. Бұл нұсқада бір ғана мақсат бар – активтердің құнын арттыру. Олар құнды қағаздардан тұрады. Біреулері бағасы бойынша тез өсетін болса, біреулері ұзақ мерзімді өсуге арналған. Мұндай портфельдер жоғары және орташа өсімді портфельдер деп өзара бөлінеді. Бұл портфель ағымдағы жоғары табысты – облигациялар бойынша пайыздарды және акциялар бойынша дивидендтерді алуға бағытталған. Оған нарықтық құнның бірқалыпты өсуімен және жоғары дивидендтермен сипатталатын акциялар, сондай-ақ ағымдағы жоғары төлемдерді қамтамасыз ететін облигациялар мен басқа да бағалы қағаздар енгізілуі тиіс. Бұл портфельді құрудың мақсаты - тәуекелдің ең төменгі дәрежесіне сәйкес келетін табыстың белгілі бір деңгейін алу. Сондықтан мұндай жағдайда портфельдік инвестициялау



объектілері жоғары сенімді қаржы активтері болып табылады.

- Кіріс портфелі. Ол үнемі қолма-қол ақша алу үшін қажет. Тұрақты табыс әкелетін портфель банктік депозиттерден, жылжымайтын мүлік объектілерінен, облигациялардан тұрады. Бұл портфельдің тәуекелі жоғарырақ болады, өйткені құрамына жоғары табысты акциялар енеді. Кіріс портфелі капиталдың барынша өсуіне бағытталған. Портфельдің құрамына тез өсетін компаниялардың, венчурлық қорлардың, инновациялық компаниялардың бағалы қағаздары кіреді. Инвестициялар өте қауіпті, бірақ сонымен бірге ең жоғары табыс әкелуі мүмкін;

Тәуекел дәрежесі бойынша инвестициялық портфельдер мынадай түрлерде бөлінеді:

1. Агрессивті - жоғары тәуекелділік табыстың күрт өсуіне мүмкіндік береді, артық табыс жиі болуы мүмкін. Құрамына спекуляция құралын қолдану сипатындағы активтертер кіреді. Әдетте мұндай портфель құрамына енгізілген құралдар:
2. фьючерстер;
3. дұрыс бағаланбаған деп саналатын компаниялардың акциялары.

Портфельдік инвестицияларды ұйымдастырудың мұндай түрін тәуекелі жоғары және салымдар бойынша жоғары кірістілік алуға дайын нарықтың ірі ойыншылары таңдайды.

Тендестірілген - өтімділік, сенімділік, табыстылық тиімді үйлесімде болатын тәуекел және консервативті құралдардың балансы.

Консервативті – төмен табыс беретін ең аз деңгейдегі тәуекелдермен ерекшеленетін құралдардан тұрады. Инвестицияның қауіпсіз нұсқасы деп айтуға болады. Инвестициялар ұзақ мерзімге бағытталған, табыс деңгейі төмен бірақ тәуекелі де төмен портфель деп есептеледі. Консервативті портфельге мынадай активтер кіреді:

- мемлекеттік облигациялар;
- ірі ұйымдардың облигациялары;
- банктік депозиттер;
- металдар (алтын, монеталар).

Шын мәнінде, инвестициялық портфельді қалыптастыру тек қағаз жүзінде ғана өте қауіпті және қиын. Егер сіз тәуекелге бармасаңыз, онда пайдаға да жете алмайсыз. Әдетте, инвестициялық қызметті жүзеге асыру үшін қаржылық сауаттылық, логикалық ойлау және нақты есептеу дағдысы жеткілікті. Инвестициялық портфельді құрасытудың мынадай қарапайым қадамдарын қарастырып көрейік:

1. Алдымызға нақты мақсаттар мен міндеттер қоямыз. Тек табыс табу үшін нарыққа шығуға болмайды. Қандай мерзімде қандай табыс пен пайдаға қол жеткізу қажеттігін нақты түсіну керек. Сонда ғана инвестор міндеттерді дұрыс қоя отырып, кірістілігі мен тәуекелдері бойынша сәйкес келетін активтерді таңдай алады, салымдардың жеделдігін және қайтарылу мерзімін анықтай алады. Табыс табу мақсат ең күшті идея емес, ал жыл сайын жеке капиталыңызды түрлі құралдар арқасында жылына 30% - ға дейін жоғарлату нағыз мақсат.
2. Іс-әрекет стратегиясын анықтаймыз. Стратегия дегеніміз мақсатқа жету үшін жиі қолданылатын түрлі әдістер мен шаралардың жиынтығы. Стратегия болмаса мақсатқа жету жолы бұлыңғыр болуы мүмкін. Стратегия агрессивті, қалыпты немесе консервативті болуы мүмкін. Оған салымдардың құрамы, уақытша мерзімдер, тәуекелдер мен табыс әсер етеді. Стратегияны инвестордың психологиялық ерекшеліктеріне қарай анықтау керек. Іс жүзінде стратегияның үш түрі бар:
  - Консервативті стратегия. Бұл стратегияны қолдану кезінде портфельге тәуекелі төмен барынша өтімді активтер кіреді. Пайда – ең аз, шамамен жылдық 20-40% құрайды.
  - Агрессивті стратегия. Инвестициялық табыс –100% га жетуі мүмкін. Бірақ тәуекел деңгейі жоғары.
  - Стратегияның қалыпты түрі. Жоғарыда көрсетілген екі түрдің үйлесімі. Инвестор активтерді таңдауда барынша сақ, бірақ ақталған тәуекелдерге баруға дайын. Кірістілігі-жылдық 30-75 % ды құрайды
3. Нарықты талдау. Нақты таңдалған стратегияға және қаланған активтерге байланысты талдау жасау кезеңі. Тек бағалы қағаздарға назар аударудың қажеті жоқ, басқа да құралдарға мән берген дұрыс. Егер портфельіңіздің көп бөлігі акциялардан тұратын болса, әрдайым қор нарығын қадағалап отырыңыз. Жылжымайтын мүлікке ақша салсаңыз жылжымайтын мүлік нарығының өзгерісін, сұраныс пен ұсыныс деңгейін талдап отырыңыз. Инвестордың қаржы портфелі нарықтағы ағымдағы жағдайға байланысты. Егер қажетті дағдылар болмаса, арнайы кеңесшінің көмегіне жүгінуге болады.
4. Активтерді таңдау. Стратегияны және ағымдағы жағдайды ескере отырып, біздің портфельімізді толтыратын нақты активтер мен құралдарды таңдаймыз. Өзіңіз танымайтын құралдармен жұмыс



Кітап: Жеке қаржы

Дәріс: Инвестициялық портфельді қалыптастыру

жасамаңыз, портфеліңізді сенімді бағалы қағаздар, шағын жылжымайтын мүлікке салу арқылы, мемлекеттік облигациялар сатып алу арқылы қалыптастырыңыз. Біраз уақыт өтіп, инвестициялық нарықта жұмыс істеуге дағдыларыңыз жеткілікті болған жағдайда ғана, тәуекелі жоғары бірақ табысы да жоғары құралдарға назар аударсаңыз болады.

5. Сатып алу және мониторинг. Активтерді сатып алғаннан кейін мониторинг процесі басталады. Бұл тек өз портфеліңіздегі акциялар мен активтерге ғана емес, басқа да акцияларға мониторинг жүргізу дегенді білдіреді. Өйткені нарықтағы кез келген өзгеріс сіздің инвестициялық портфеліңізге әсер етуі мүмкін.

Әдетте басқарудың екі жолы бар: белсенді және пассивті басқару. Белсенді басқару-бұл бағалы қағаздар нарығын тұрақты қадағалауға, неғұрлым тиімді бағалы қағаздарды сатып алуға және табысы төмен бағалы қағаздардан барынша тез арылуға байланысты басқару түрі.

Бұл басқару түрі инвестициялық портфель құрамының тез өзгеруін болжайды. Бұл ретте бағалы қағаздар нарығындағы қысқа мерзімді өзгерістерге тез жауап беруге және инвестициялау үшін тартымды бағалы қағаздарды анықтауға көмектесетін мониторинг кеңінен қолданылады.

Белсенді басқару мониторингі:

- бағалы қағаздарды іріктеу (табысы жоғары бағалы қағаздарды сатып алу және табысы төмен бағалы қағаздарды сату);
- бағалы қағаздардың айналысын ескере отырып, жаңа портфельдің кірістілігі мен тәуекелін анықтау;
- бағалы қағаздарды сатып алу-сату бойынша операцияларға жұмсалған шығындарды ескере отырып, ескі және жаңа портфельдердің тиімділігін салыстыру;
- портфельді қайта құрылымдау, оның құрамын жаңарту

Белсенді мониторинг-бұл акция бағамдарын бақылаудың үздіксіз процесі, ағымдағы жағдайды талдау және болашақ баға белгілеулерді болжау.

Белсенді басқару тәжірибелі инвесторларға, біліктілігі жоғары инвестициялық менеджерлерге тән; ол бағалы қағаздар нарығын жақсы білуді, нарық конъюнктурасының өзгеруі кезінде тез бағдарлануды талап етеді.

Пассивті басқару-бұл әртараптандырылған портфельді қалыптастыруға және оны ұзақ уақыт бойы сақтауға әкелетін инвестициялық портфельді басқару.

Пассивті басқару мониторингі:

- кірістіліктің ең төменгі деңгейін анықтау;
- бағалы қағаздарды жақсы әртараптандырылған портфельге іріктеу;
- оңтайлы қоржынды қалыптастыру;
- кірістілік минимумнан төмен түскен кезде портфельді жаңарту

Мониторинг бағалы қағаздармен транзакцияларды қарқындалуға байланысты салынған қаражаттан барабар кіріс алу үшін негіз болып табылады.

## 16-дәрістің түйіндемесі

### Инвестициялық портфель жеке қаржыны басқарудағы ең маңызды құрал

Инвестициялық портфель-инвестор ең жоғары пайда алу немесе тәуекелдерді әртараптандыру мақсатында әртүрлі пропорцияда іріктейтін қаржылық және нақты активтердің жиынтығы. Инвестициялық портфельге түсетін активтердің саны мен құрамы инвестордың тәжірибесі мен мүдделеріне байланысты.

### Инвестициялық портфельді құрастыру нақты ережелерге бағынады

Инвестициялық портфельдің жоғары табыстылық және ең аз рұқсат етілетін тәуекел сияқты қасиеттерге ие болғаны жөн. Инвестициялық портфель өтімді болуы үшін, яғни портфельдің құрамдас бөліктерін сатуға және инвестор үшін елеулі шығынсыз қолма-қол ақша алуға болады. Бұдан басқа, инвестициялық портфельді әртараптандыру қажет, яғни оны әр түрлі, кластар мен эмитенттердің бағалы қағаздары болатындай етіп қалыптастыру қажет.

### Инвестициялық портфельдің негізгі қағидасы – диверсификация

Инвестициялық портфельді қалыптастыру кезінде менеджер:

- адекватты бағалы қағаздарды, яғни барынша мүмкін болатын кірістілікті және ең аз мүмкін болатын тәуекелді қамтамасыз ететіндей етіп таңдау;
- қандай эмитенттердің бағалы қағаздарына ақша қаражатын салу керектігін анықтау;



- инвестициялық портфельді диверсификациялау.

Бірақ диверсификация ақылға қонымды және қалыпты болуы керек. Өртүрлі бағалы қағаздардың көп санына салу инвестициялық шешім қабылдау үшін қажетті ақпаратты қадағалауға үлкен шығындарға әкелуі мүмкін.

### **Дербес жұмыстарға арналған тапсырмалар**

- Инвестициялық портфельдің жеке қаржыларды басқару үшін маңыздылығын анықтаңыз
- Инвестициялық портфельді қалыптастыру барысында қандай ережелерге сүйенген дұрыс?
- Өз инвестициялық портфельіңізді құрастыру жобасын жасаңыз

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Инвестициялық портфель мәнін және мазмұнын ашып көрсетіңіз
2. Инвестициялық портфель түрлерін атаңыз
3. Инвестициялық портфель басқарудағы тәуекелдер қандай?
4. Инвестициялардың портфельді басқару стратегияларын сипаттаңыз.

### **Қосымша ресурстар**

1. Р. Т. Кийосаки.: Богатый папа, бедный папа. М: Издательство Попурри, 2016 г. 224 с
2. Грэм Бенджамин Разумный инвестор. Полное руководство по стоимостному инвестированию. М:Издательство Альпина Паблицер, 2017 г. 568 страниц
3. Уоррен Баффетт, Джон Грэхем Правила богатства. Уоррен Баффет. М.:Издательство АВ Publishing, 2017